

**«Дарко Джурич»
Автор - Само Видич
Canon амбассадоры**

Суретте келісті ер адамның жалғыз қолымен мөп-мөлдір бассейн суында балықтай, ойнақ сала жүзіп бара жатқан сәті бейнеленген. Жүзуге арналған қара көзілдірігі бар, шашын жүзу қалпағы жауып тұр. Бұлшық еті бұлтындаған жалғыз оң қолымен ақ-қара суреттің сол тұсына қарай созылып, камераға жақындай түседі. Оң жағында сол қолы, тізеден төмен аяғы жоқ екені көзге түседі. Бар күшімен алға жүзіп бара жатқан спортшыдан су жан-жаққа шашырайды.

Ашық-қою түстердің үйлесімінен спортшының бұлшық еттерін, қабырғаларын анық көруге болады, ал жоғарғы жағы көрінбейді. Саусақтары бассейннің жақтауына қарай созылған, ал шашыраған судан бұлдырап көрінген жүзі қайтпас рух иесін аңғартады. Жалын атқан жанары діттеген мақсатын нысанаға алған.

Осы сияқты суреттерде жылдам жүзу үшін жүзгіштердің әдетте сәл көтерілген сол қолы, суды сабалаған аяқтары көрінеді. Алайда Дарконың сол аяқ-қолы жоқ. Сурет болса да, шашыраған көпіршіктер, бұрқылдаған су, жарық пен қараңғы арасындағы контраст сурет атмосферасын – қуат пен жылдамдықты, жігер мен ырғақты айқын көрсетеді.

Дарко аяқ-қолсыз туылған, оған анасының құрсағында жатқанда аяқ-қолдың дамуын тежейтін кесел себепші болған. Соған қарамастан, Дарко – жалғыз қолымен-ақ дене бітімінің, денсаулығының бабында екенін, жүзу техникасын тамаша меңгергенін көрсеткен мықты шебер.

Дарко спортта керемет табысқа жеткен. 2012 және 2016 жылдардағы Паралимпиада ойындарына Словения атынан қатысты, 2013 жылы Әлем чемпионатының екі алтын медалін (100 м фристайл және 50 м баттерфляй), 2016 жылы Еуропа чемпионатының күміс, қола медальдарын жеңіп алды. 2012 жылы S4 сыныбында 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден әлемдік рекордты жаңартты.

Баттерфляй – Дарко үшін тамаша әдіс: жүзгенде су бейне бір қанатына айналып кеткендей болады. Суда ұшып жүргендей әсер қалдырады.

Мен оның спорттағы адам сенгісіз жетістігін, ең болмағанда бір жұрнағын суретпен жеткізгім келді. Сол үшін Canon EF 16-35mm f/2.8 L III USM объективі бар Canon EOS 5D Mark IV қолдандым, Словения астанасы Люблянадағы бассейн түбіне түстім. Сөйтіп үстімнен жүзіп өтуін өтіндім.

Дене бітімі, кемелдікке ұмтылыс кейде бәрінен жоғары тұратын спортта Дарко қара күш төзімділікті қалыптастыратын қасиеттердің бірі екенін ғана

еске салады. Оның судағы әр қимылы тағдыр сынағынан сүрінбей өтуге бекінгенін меңзейді.

Дарконың ерекше өмірі, талай жетістіктері өз мүмкіндіктерімізді, ұмтылыстарымызды, шектеулерімізді ой елегінен өткізуге болатынын еске салады.

Күңгірт реңктер, монохромды палитра суретті одан бетер әсерлі етеді. Суға шағылысқан жарық бассейнді мұхитқа ұқсатса, сурет бұрыштарында жарықтың аз болғаны соншалық, Дарко қараңғылық құшағында жүзіп бара жатқандай көрінеді.

Жер басып жүру қиын болар, алайда суға түскенде бәрі өзгеріп сала береді. Суда Дарко көкте самғаған құстай немесе мұхитта жүзген ақуладай. Суретке бір-ақ рет қарасаңыз, оны «өз үйінде» деп ойлайтыныңыз анық.

Осы ақ-қара сурет Дарконы өз әлемінде – секіру тақтасынан бастап, жылдам жүзіп келе жатқанына дейін түсірген суреттердің бір бөлігі.

Жұмыс барысында көп сурет түсірдім, бірақ осы сурет – мақтан тұтатын бейнелердің бірі. Қараңғы-жарық ара-қатынасы немесе тепе-теңдік үшін ғана емес, көрген жанды ойландыратыны үшін. Өзіңе қиын сұрақтар қойып, айналаға басқаша қарауға итермелейді.

Спортқа деген көзқарасымызды ғана емес, мүмкін емес деп санайтын істерге басқаша қарауға шақырады. «Үйреншікті істердің аясы тар, мүмкіндіктерден асып түсіңіз, Дарко сияқты алға басып, қол жетпейтіндей болып көрінетін биіктерге ұмтылыңыз» дейді.

Осы суретке қарағанда Дарконы жарымжан бейнесінде емес, тыңнан түрен салушы, өзі негізін қалаған спорт түрінен рекорд орнатқан чемпион бейнесінде көремін.